



«Бекітемін»
«Аққайып» МДУ-ның
менгерушісі м.а. С.К.Ярова
«27» 08 2018 жыл

Пед кеңесте
№ « 1 » хаттамасы
«27» 08 2018 жыл

Бағдарлама

«Шығармашылық»

«Сиқырлы саусақтар»

Орындаған: тәрбиеші: Н.Б.Сулейменова

Сараптау комиссиясы 27.08.2018
Күні

Морф
қолы

Т.Б. Жаринбергенова
(әдіскері)

2018-2019 оқу жылы.

Түсінік хат

Қоғамымызда болып жатқан Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы-білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Осы 2018-2019 оқу жылына ұйымдастырылған оқу қызметіне қосымша вариативтік бағдарлама құрылды. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 20.12.2012жылғы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 22 маусым 391 бұйрығы 1 қосымша бекітіліп жаңа стандартқа сәйкес қолданысқа еңзілді. Вариативтік бағдарламаның тақырыбы: «Сиқырлы саусақтар»

(«Пластилинография» техникасы). «Сиқырлы саусақтар» бағдарламасы балалардың жан-жақты психологиялық тұрғыдан және жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған.

Мақсаты: Балаларды «Пластилинография» техникасымен таныстыру. Ермексазбен сурет салуға және ермексазды пайдалану тәсілдеріне үйрету. (үзу, жалпақтау, жағу, илеу). Қол икемділігін дамыту. Техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру. Балалардың қызығушылықтарын тәрбиелеп, шығармашылық талғамын дамыту.

Бағдарламаның тарату формасы және ұзақтылығы:

«Сиқырлы саусақтар» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымының (ортаңғы топ) балаларына арналған. Бағдарламаның барлық сағаты – 36 сағат, аптасына бір рет өткізіледі, ұзақтығы- 15-20 минут.

Бағдарламаның міндеттері:

Техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру. Шығармашылық іс-әрекет үдерісіне, көркем шығармалар мен халық шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Бағдарлама барысында күтілетін нәтиже:

Қол моторикасымен жұмыс жасауын дамыту.

Саусақтарының көмегімен ермексазбен сурет салу.

Бала бойына өзіндік көзқарас қалыптастыру.

Балалардың эстетикалық талғамын дамыту.

«Сиқырлы саусақтар» бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Піскен алмалар»	1
2	«Банкідегі қызанақтар»	1
3	«Күзгі жапырақтар»	1
4	«Жау, жау, жаңбыр»	1
5	«Саңырауқұлақ»	1
6	«Көкөністер»	1
7	«Түрлі-түсті доптар»	1
8	«Күзгі ағаш»	1
9	«Кірпі»	1
10	«Үйрек»	1
11	«Бағдаршам»	1
12	«Аквариумдағы балықтар»	1
13	«Құман»	1
14	«Терезедегі оюлар»	1
15	«Түрлі-түсті шарлар»	1
16	«Ақша қар»	1
17	«Шыршадағы ойыншықтар»	1
18	«Көңілді аққала»	1
19	«Ақ қоян»	1
20	«Жұлдызды аспан»	1
21	«Қысқы ағаш»	1
22	«Пирамида»	1
23	«Әдемі кілем»	1
24	«Әйгерім қуыршақтың көйлегі»	1
25	«Анама арналған гүлдер»	1
26	«Атамның тақиясы»	1
27	«Өз бетінше»	1
28	«Әжемнің моншағы»	1
29	«Сәукеле»	1
30	«Машиналар»	1
31	«Үй»	1
32	«Қаңқыз»	1
33	«Мерекелік отшашулар»	1
34	«Аққулар»	1
35	«Көбелектер»	1
36	«Көгалдағы балапандар»	1
Барлығы:		36

Пластилинография. «Сиқырлы саусақтар»

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көркем сөз, дид.ойындар	Сағат саны	Күні
1	«Піскен алмалар»	Балаларды «Пластилинография» техникасымен таныстыру. Ермексаздың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру. Ұзу, жаншу, жағу тәсілдерін қолдану. Табиғат сыйына ризашылық сезімдерін ояту.	Д/о «Бұл қай кезде болады?» Д/о«Таны да, ата»	1	6.09. 2018
2	«Банкідегі қызанақтар»	Балаларды «Пластилинография» техникасымен таныстыруды жалғастыру. Ермексазды домалақтау, жалпақтау тәсілдерін қолдануды үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Д/о«Бауда ма, бақшада ма?»	1	12.09. 2018
3	«Күзгі жапырақтар»	Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру.Күз мезгілінің өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу.	Жұмбақ жасыру Д/о «Түсінен ажырат» Д/о «1,2,3...жапыраққа қарай ұш»	1	20.09. 2018
4	«Жау, жау жаңбыр»	Балаларды «Пластилинография» техникасында сурет салуды үйрету. Жағу тәсілін қолдануды үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Қол икемділігіе дамыту.	Д/о «Бұл қай кезде болады?» Жұмбақ жасыру	1	26.09. 2018
5	«Саңырауқұлақ»	Балалардың ермексаз туралы білімдерін бекіту. Ұзу, илеу, жағу тәсілдерін қолдануды үйрету.Екі бөліктен тұратын затты бейнелеуге баулу. Қол саусақ бұлшық еттерін нығайту	Өлең оқу Жұмбақ жасыру	1	4.10. 2018

6	«Көкөністер (қияр мен сәбіз)»	Балаларды көкөністердің негізгі пішінін, оларға тән ерекшеліктерін беруге үйрету. Табиғат сыйына ризашылық сезімдерін ояту.	Д/о «Көкөністерді ажырат» Жұмбақ жасыру	1	10.10.2018
7	«Түрлі-түсті доптар»	Балаларды «Пластилинография» техникасында сурет салуды үйретуді жалғастыру. Ермексазды домалақтап, жаншу тәсілдерін қолдануды үйрету. Қол икемділігін дамыту.	«Ойыншықтар» олең оқу Д/о «Түсінен ажырат»	1	18.10.2018
8	«Күзгі ағаш»	Балаларды табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру. Күзгі табиғатты бақылап, ерекшеліктерін байқау. Ағаштың құрылымын дұрыс беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Д/о «Бізге күз не әкелді?»	1	24.10.2018
9	«Кірпі»	Ермексаздан кірпінің бейнесін салуға үйрету. Ермексазды кішкентай бөліктен үзіп, жағуды үйрету. Жануардың негізгі ерекшелігін дұрыс беруге баулу. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Өлең оқу Жұмбақ жасыру	1	8.11.2018
10	«Үйрек»	Балалардың үй құсы-үйрек туралы түсініктерін кеңейту. «Пластилинография» техникасында үйректің бейнесін дұрыс жеткізуге баулу. Қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Д/о «Үй құстарын ата»	1	14.11.2018
11	«Бағдаршам»	Балаларды бағдаршамның белгілерімен таныстыру. «Пластилинография» техникасында бағдаршам бейнесін салуға ынталандыру. Ермексазды домалақтап, бірінің астыны бірін орналастыруды үйрету. Ұқыптылыққа	Өлең оқу Жұмбақ жасыру.	1	22.11.2018

		тәрбиелеу.			
12	«Аквариумдағы балықтар»	Балаларды аквариумдағы балықтардың ерекшіліктерін беруге үйрету. Композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру. Іскерлікке, еңбек етуге тәрбиелеу.	Балықтарды бақылау Жұмбақ жасыру	1	28.11.2018
13	«Құман»	Балаларды ермексазды домалақтап, құманның шүмегін, тұтқасын, қақпаңғын жасап үйрету. Ұлттық өрнекпен бейнені толықтыра білуін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Д/о «Бір сөбен ата»	1	6.12.2018
14	«Терезедегі оюлар»	Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Ермексаздан оюлар салып үйрету. Балалардың эстетикалық талғамын дамыту.	Олең оқу Жаңылтпаш	1	12.12.2018
15	«Түрлі-түсті шарлар»	Балаларға үзу, жағу, домалақтау тәсілдерін қолдана отырып, шарлар суретін салуды үйрету. Қол саусақ бұлшық еттерін нығайту. Эстетикалық талғамын, қиялын дамыту.	Жұмбақ жасыру Д/о «Түсінен ажырат»	1	20.12.2018
16	«Ақша қар»	Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Ермексаздан өардың жауып тұрған бейнесін бере білуді үйрету. Әсемділікке тәрбиелеу.	Ән орындау Олең оқу	1	26.12.2018
17	«Шыршадағы ойыншықтар»	Балаларды Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету. Өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру.	Ән орындау Жұмбақ жасыру Олең оқу	1	3.01.2018
18	«Көңілді аққала»	Балаларды «Пластилинография» техникасында аққаланың суретін салуды үйрету.	Д/о «Көлеміне қарай ажырат»	1	9.01.2019

		Ермексазды үзу, илеу, жағу тәсілдерін пайдалану. Балалардың көзбен мөлшерлеуін, байқампаздығын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
19	«Ақ қоян»	Балалардың жабайы аң-қоян туралы түсініктерін кеңейту. Ермексазбен қоянның бейнесін салуға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу.	Д/о «Қай жануар?» Жұмбақ жасыру Қ/о «Ақ қоян»	1	17.01. 2019
20	«Қысқы ағаш»	Балаларды ермексазбен қырау жапқан қысқы ағаштың суретін салуға үйрету. Үзу, ширату, жағу тәсілдерін қолдануды үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Д/о «Бұл қай кезде болады?»	1	23.01. 2019
21	«Жұлдызды аспан»	Балаларды ермексазбен жұлдыздар салуды үйрету. Үзу, илеу, жалпақтау, жағу тәсілдерін пайдалану. Жұмыс жасауға деген қызығушылығын арттыру.	Жұмбақ жасыру Қ/о «Күн-түн»	1	31.01. 2019
22	«Пирамида»	Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. «Пластилинография» техникасында пирамиданың суретін салуды үйрету. Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Д/о «Көлеміне қарай орналастыр» Д/о «Түсінен ажырат»	1	6.02. 2019
23	«Әдемі кілем»	Балаларды қазақтың ою-өрнектерімен таныстыруды жалғастыру. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге қызығушылықтарын дамыту. Эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.	Д/о «Өрнекті құрастыр»	1	14.02. 2019

24	«Әйгерім қуыршақтың көйлегі»	Балаларды «Пластилинография» техникасында қуыршақтың көйлегін салуға үйрету. Ермексазды кішкентай бөліктерден үзіп алып, жағу. Дөңгелек пішінің әдісімен көйлекті әсемдеу. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.	Өлең оқу Д/о «Қуыршақты киіндірейік»	1	20.02. 2019
25	«Анама арналған гүлдер»	Балаларды ермексаздан әдемі гүлдердің суретін сала білуді үйрету. Гүлдер туралы ұғымдарын кеңейту. Жақын адамдардың көңілін көтеріп, сыйлық жасайға ынталандыру. Аналарына деген мейірімін тәрбиелеу.	Ән орындау Д/о «Түстеріне қарай ажырат»	1	28.02. 2019
26	«Атамның тақиясы»	Балаларды қазақ ою-өрнегін жолақшаның ішіне ермексазбен бенелеу білуін үйрету. Тақияны өрнектеп, әдемі етуге ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Д/о «Ұлттық киімдерді ата»	1	6.03. 2019
27	«Өз бетінше»	Балаларды ермексазбен өз бетінше сурет салуға үйрету. Қолдың қимыл-қозғалыс икемділігін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Д/о «Түсінен ажырат»	1	14.03. 2019
28	«Әжемның моншағы»	Балаларды «Пластилинография» техникасында моншақтардың суретін сала білуді үйрету. Түрлі-түсті ермексазды пайдалану. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу.	Д/о «Түсіне қара» ажырат»	1	20.03. 2019
29	«Сәукеле»	Қазақ халқының ұлттық бас киімінің өзіне тән ерекшелігін бере білуге үйрету. Қазақ оюының таныс элементтерінен өрнек	Д/о «Өрнекті құрастыру» Д/о «Ұлттық киімдерді ата»	1	28.03. 2019

		құрастыру қабілетін дамыту. Өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу.			
30	«Машиналар»	Бадалалардың көліктер туралы білімдерін кеңейту. Автокөліктің бөліктерін ажырату, іскерліктерін дамыту. Қосымша бөлшектерін үйлесімді етіп дамыту.	Өлең оқу Д/о «Таны да ажырат»	1	3.04. 2019
31	«Үй»	Балаларға үй құрылысын, оның бөлшектерін ермексаздан ретімен бейнелеуді үйрету. Суреттерін қосымша элементтермен толықтыру. Бастаған істерін тиянақты аяқтауға баулу.	Д/о «Үйді құрастырайық»	1	11.04. 2019
32	«Қаңқыз»	Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Әр түрлі тәсілдерді қолданып, ермексазбен қаңқыздың суретін сала білуді үйрету. Жәндіктің өзіне тән ерекшеліктерін бере білуін жетілдіру.	Д/о «Жәндігі ата»	1	17.04. 2019
33	«Мерекелік отшашулар»	Мерекелік отшашуларды бейнелеуде ермексазды үзу, илеу, ширату, жағу тәсілдерін пайдалану. Мерекелік көңіл-күй сыйлау. Өз ойларын түрлі-түсті ермексаз арқылы жеткізе білуге машықтандыру.	Д/о «Түстеріне қарай ажырат» Өлең оқу	1	25.04. 2019
34	«Аққулар»	Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру. Ермексазбен аққудың суретін салуды үйрету. Жұмысты қосымшалармен толықтыра білуін жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Жұмбақ жасыру Д/о «Құстарды ажырат»	1	1.05. 2019

35	«Көбелектер»	Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Түрлі-түсті ермексазды пайдаланып, көбелектің суретін сала білуді үйрету. Ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.	Жұмбақ жасыру Қ/о «Көбелектер мен гүлдер»	1	15.05. 2019
36	«Көгалдағы балапандар»	Балалардың құстар туралы білімдерін бекіту. Ермексазбен балапандардың суретін сала білуге үйрету. Қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Д/о «Құстарды ата»	1	23.05. 2019
Барлығы: 36					

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер. Астана-2009ж
2. «Әдістемелік құрал» М.И.Нүсіпбекова, С.А.Сейыдхазина. Арман П.В.
3. «Ғажайып ойын әлемі» А.С.Төлегенова, А.Н.Едилбаева
4. «Ойлан, тап» Ш.Майғаранова, Г. Дікенбаева. Алматы. Рауан- 2009ж
5. «Балдаурен» Г.Қ. Жұмалиева. Алматы. Білім-2002ж
6. «Бала мен балабақша» журнал
7. Мектепке дейінгі тәрбие» журнал
8. «Мектепке дейінгі білім» журнал
9. «Тәрбиелік іс-шаралар» журнал
10. «Пластилинография для детей» Г.н.Давыдова. Москва 2008год
Издательство «Скрипторий»